

«Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»

17.11.2021

9 “б” “в” “д”

Қ. жакупова

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:

- 9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу
- 9.5.1.1 ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

- Көп нүктенің орнына қандай сөз болу керек екендігін оқушылар табады.
- **1-бап**
- Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орыналуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы қабылдаймыз.

- Еліне арналатын тілегі шын,
- Ей, ұлым – ***Отанымның түлегісің!***
- Іргесін туған елдің тіреп тұрған
- ***Қадірін Ата Заңның*** білемісің?!
-
- Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
- Дауласып ***жармаспайды белдігіме.***
- Бойында Ата Заңның өріліп тұр
- Даламның кеңдігі де, теңдігі де!
-
- Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
- Сондықтан **Күннен Жерім** суынбаған.
- Қоғамның сан саласын реттейтін
- Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.
-
- Бастайтын болашаққа бақ кемені,
- Осы жол халықтың да нақ сенері!
- “Халқыма адалмын!” деп Ата Заңға
- **Елбасы** қолын қойып Ант береді!
-

- Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,
- Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
- Еліңнің дамуы мен дағдарысы
- Ол-дағы Ата Заңға байланысты!
-
- ***Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,***
- Тікелей әсер еткен ғұмырына
- Айналды Ата Заңыммызғымайтын
- ***Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!***
-
- Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
- Шектеу де және тегін қойылмайды!
- Келісім-шарт жасасқан барлық шетел
- Қазақтың Ата Заңын мойындайды!
-
- Өмірден әділдік пен бақ табатын,
- Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
- Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп
- “Бұл біздің – Ата Заң” деп мақтанатын!
-
- Өркендеп өз қолына алған ісі,
- Биікке қазағымның ***самға, құсы!***
- Халық боп қадір тұтып, қастерлеген
- ***Ата Заң – Азателдің Ар-намысы!***

▣ *Ырықсыз етіс*

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, *-ыл, -іл, -л,* түбірдің ішінде л дыбысы болса *-ын, -ін, -н* жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі ырықсыз етіс деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады, өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады: сөз айт-ылды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй таза-ла-н-ды, қамал ал-ын-ды, үй сал-ын-ды т. б.

Тапсырма

- «Ардақтайық Ата Заңды!» атты хатты жазу. *Ата Заң, Елбасы, Отан, Ар-намыс, Азат ел* деген күрделі-құрама сөздерге көңіл бөліп, ойтолғаудың ішінде орфографиялық тұрғыдан дұрыс қолданыңыз.
- **Дескриптор:**
- мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, хатты жазады;
- ырықсыз етісті жазылымда орынды қолданады;
- грамматикалық, пунктуациялық норманы сақтайды;
- күрделі құрама атауларға көңіл бөледі.

“Автордың орындығы”

- «Автор орындығына» отырып, оқушылар хатты сынып алдында оқып береді. Дескрипторға сүйене отырып, өзара жұптар бір-бірін бағалайды.

Кері байланыс

- «3-2-1»
- 3- жаңа ақпарат
- 2- кездескен қиыншылық
- 1-ұнаған аспект
- Үйге тапсырма: 3 шумақ өлеңнен жаттау

